



Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен шыға  
бастады

№44 (1826)  
30 желтоқсан  
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU\_FARABI

## Жаңа бастамалар жалғаса береді

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант-докторанттары!**

Қазақ елі Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұр. Биыл бәрімізге қолайлы, берекелі жыл болды. Ел болып қасиетті Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын атап өттік. Мемлекетіміздің бұл мерейлі белесі ел тарихында алтын әріптермен жазылды. Осы орайда, еліміздің қуатты мемлекет болуы, интеллектуалды ұлт болып қалыптасуы әрбір Қазақстан азаматының ерік-жігеріне, білімі мен адал еңбегіне тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Біз «білім – ғылым – инновациялар» үштігі билеген пост-индустриялық әлемге қарай жылжып келеміз. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Жоғары оқу орындары тек оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектелмей, өздерінің ғылыми-зерттеушілік қызметін де белсенді дамытуы тиіс», – деп үлкен жауапкершілік жүктеген болатын.

Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында: «Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті. Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз. Еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу», – деген болатын.

Біздің басты міндетіміз – бүгінгі ұрпаққа заман талабына сай білім беру. Студент жастарымызды бәсекеге қабілетті маман ретінде тәрбиелеуде оқытушы-ғалымдарға үлкен жауапкершілік артылады. Бұл бағытта Әл-Фараби

атындағы Қазақ ұлттық университеті мемлекет жүктеген талап-міндеттерге сай алға қойған биік мақсаттарды жүйелі жүзеге асырып келеді.

Біздің оқытушы-профессорлар құрамы мерейтойлық жылды жақсы нәтижелермен қорытындылады. Университетіміз білім, ғылым саласында әлемдік бәсекелестікке еркін бойлады. Оқу орнымыз әлемдегі 200 үздік университет қатарына еніп, QS жаһандық рейтингінде 175-орынға көтерілді.

Биылғы оқу жылында 100-ден аса жаңа білім беру бағдарламалары мен заманауи мамандықтар енгізілді. Оқу ордасында білім алушыларға 100-ден астам шетелдік оқытушы, профессор-ғалымдар сабақ беруде. Биры оқытушы-профессорлар құрамы мен барлық қызметкерлердің еңбек-ақысы екі рет өсті. Жыл бойы оқу ғимараттары мен жатақханаларда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Барлық аудиториялар заманға лайық жаңа жиһаздармен, интерактивті тақта және мульти-медиалық құрылғылармен жабдықталуда. Бұл жұмыс алдағы жылы да жалғаса бермек.

### Құрметті оқытушы-профессорлар, білім алушы жастар!

Сіздерді жаңа 2022 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Университет жетістіктері жаңа жылда жаңа бастамалармен жалғаса береді деп сенемін. Жаңа жыл ерекше қуаныштарымен, ізгі жаңалықтарымен келсін. Халқымыздың береке-бірлігі арта берсін. Елімізде әрдайым молшылық болсын! Жаңа жылда сіздерге мықты денсаулық, қажыр-қайрат, отбасыларыңызға бақыт тілеймін!

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**  
Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың Басқарма  
Төрағасы – Ректоры

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев «Креативті индустрияны дамытудың келешегі» тақырыбында жастармен кездесу өткізді.

**Қырымбек КӨШЕРБАЕВ,**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы:

## ҚазҰУ – интеллектуалды көшбасшы

Шараға Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов, ҚР Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Әлішер Әбдіқадыров, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров, көрнекті ғалымдар, университеттің оқытушы-профессорлары, жас ғалымдар мен студенттер қатысты.

Жалғасы 3-бетте



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, ақын Қазыбек Иса білім ордасының басшысы Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевқа «Жыл ректоры» марапатын табыстады.

ақысы жыл басынан бері екі рет өсті.

100-ден астам жаңа білім беру бағдарламалары іске қосылды.

## «Жыл ректоры» марапаты табысталды

Жыл қорытындысына негізделген салтанатты шараға арнайы келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, көрнекті ақын, қайраткер журналист Қазыбек Иса халық таңдауы арқылы «Жыл ректоры» марапатына ие болған Жансейіт Түймебаевты құттықтап, жылы лебізін білдірді. «Биыл Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бірқатар нақты жұмыстар атқарылды. Бүгінгі марапат сол еңбектің нәтижесі», – деді Қазыбек Иса.

Өз кезегінде университет басшысы ұйымдастырушыларға және сауалнамаға белсенді қатысқан оқырмандарға университет ұжымы мен білім алушы жастардың атынан алғыс айтып, ризашылығын білдірді. Сонымен қатар алдағы уақытта университетте ауқымды жұмыстар жалғасын табатынын атап өтті.



Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-ға басшы болып тағайындалған уақыттан бері оқу орны әлемнің 200 үздік университеті қатарында 175-орынға ие болды. Оқу ғимараттары мен жатақханалар заман талабына сай күрделі жөндеуден өтіп, аудиториялар жаңа техникалармен жабдықталды.

Оқытушы-профессорлар мен қызметкерлердің еңбек-

Сонымен қатар оқу жылы басында білім ордасының 50 жас ғалымы мен қызметкері Түркияға тәжірибе алмасуға арнайы жіберілді.

Еске сала кетейік, «Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталы ел дамуына елеулі үлес қосып, әр салада табысқа жетіп жүрген үздіктерді анықтау жобасын жыл сайын өткізіп келеді.

Оқырмандар сауалнамаға белсенді қатысып, sms, электронды пошта хабарлары және әлеуметтік желі арқылы өздерінің дауыстарын береді.

Осылайша жылдың спортшысы, айтыскер ақыны, қайраткері, ақыны, жазушысы, драматургі және жылдың басты оқиғасы, датасы т.б. оқиғалар бойынша жеңімпаздар іріктелді.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

**Халық сенім артқан сот төрағасы**

2



**Мемлекеттік сыйлық иелері – мақтанышымыз**

4



Одай АБДУЛЛА:

**Халықаралық стандартқа сай білім ордасы**

6





**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

# Халық сенім артқан сот төрағасы

*Мұсабек Әлімбаев – еліміздің сот жүйесінің қалыптасып, дамуына ерен еңбек сіңірген білгір маман, білікті басшы. Көпшілік арасында сот жүйесінің айтулы ардагері ретінде аты мәлім. Өнегелі өмір жолы мен сот саласындағы теңдессіз тәжірибесі кейінгі жастар үшін сабақ аларлық үлкен мектеп.*



Мұсабек Тұрғынбекұлы судьялық мансабын сотта тағылымдамадан өтуші ретінде бастап, терең білімі мен адал еңбегінің арқасында кәсіби қызметінің ең биік шыңын бағындырды. Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстық соттарына, Алматы қалалық сотына басшылық етті. Сонымен бірге алқа және Жоғарғы соттың төрағасы лауазымдық қызметін үлкен абыроймен атқарды. ЕурАзӘҚ халықаралық сотының алдымен орынбасары, одан кейін төрағасы болды. Қазір Bank RBK-ның тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің танымал түлегі. Заң ғылымының докторы, профессор. Қоғам қайраткері сот саласының өркендеуіне қосқан осынау елеулі еңбегі үшін Елбасы – ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жоғары марапатына ие болды. Кеудесіне зор мақтаншыпен Қазақстан Республикасының «Парасат» орденін тақты.

Қай жүйені алып қарасаңыз да, мандықтың ауыр-жеңілі жоқ. Әр кәсіптің өзіне тән қызығы мен шыжығы, тіпті ауыртпашылығы кездесіп жатады. Десек те, сот жүйесінде адал қызмет етіп, арлы қазы, адал қазы атану – екінің бірінің мандайына бұйыра бермейтін бақыт. Кез келген кәсіп иесінің қолынан келе бермейтін абыройлы іс. Осы тұрғыдан алғанда, Мұсабек Тұрғынбекұлы бағы жанған және халық сеніміне ие болған бірегей сот төрағасы, сот төрешісі.

Ол қай қызметте болса да, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Құқықтық саясаттың аса маңыз-

ды міндеті азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқығын іске асыру болып табылады. Осы мақсатта сот төрелігін жүзеге асыру процесін жеңілдетіп, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек» деген тапсырмасын орындауға айрықша күш салды. Қай өңірде жүрсе де, кадр саясаты мен сот шешімдерін дамытып жетілдіруге, сот мәртебесін арттыруға тер төкті.

«100 нақты қадам – Ұлт жоспарында» көрсетілген сот жүйесінің қызметін дамытуға арналған талап-міндеттер әлемнің дамыған өркениетті 30 мемлекетінің қатарына қосылу үшін сот реформасы қаншалықты мән-маңызға ие екенін айғақтайды. Қазақстандық сот ішкі құрылымы мен соттың әділдігі бойынша әлемнің өркениетті 30 мемлекетінің сот жүйелерімен терезесі тең тұруға тиіс. Қазір еліміздің сот жүйесі осы үдеден шығуға мойын бұрды, оң нәтижеге қол жеткізе бастады. Енгізілген өзгерістер мен ерен еңбекте Мұсабек Тұрғынбекұлының табан ақы, маңдай тері бар.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2020 жылы қазан айында өткен ҚР судьяларының VIII съезіне қатысып, еліміздегі сот жүйесінің дамуы мен судьялардың мәртебесі туралы ойларын ортаға салғаны есімізде. «Соттың әділ және адалдық принциптеріне сай болуы үшін қоғам мен мемлекет бірлесе күш жұмсауға тиіс» деген маңызды мәселе көтерген болатын.

Мұсабек Тұрғынбекұлы осы жиыннан кейін ҚР Судьялар одағының төрағасы ретінде сот процестерін жедел және қашықтан ұйымдастырудың оң-

тайлы және қолайсыз тұсы бар екенін бүкпесіз айтты, азаматтық ұстанымын жеткізді. «Дауласып отырған адам сотқа тікелей қатысуы керек. Өйткені адам – сот процесіндегі ең басты фактор. Себебі кез келген жаңалықтың жағымды және жағымсыз тұсы бар. Сол секілді сәнге айналған виртуалды соттың да екі қыры көрініп отыр. Мысалы, Атырауда бір судья виртуалды процесс арқылы жауапкермен сөйлеседі. Ол түрлі фотошоппен өзгертілген мүлде басқа адам болуы мүмкін. Бұған қазіргі технология толық мүмкіндік береді. Ал жауапкер соттың болғанын білмейді. Демек, сот процесін виртуалды жүргізуге болмайды. Бұл – адам тағдыры», – деп, қарапайым халыққа жанашырлық танытқан.

Соңғы жылдары судьялардың

кәсіби деңгейі мен сот ісінің сапасын арттыру үшін сот жүйесінің алдына айрықша басымдықтар қойылғаны белгілі. Судьялардың кәсіби біліктілігін тұрақты түрде жетілдіріп отыруға, білім беру және жұмыс жүргізу әдіс-тәсілдерін дамытып, жаңа талаптарға бейімделу қажет екеніне назар аударылды. Халықаралық тәжірибені ескеріп, маман-кадрлардың шеберлігін шыңдауға көңіл бөлінді. Сондай-ақ судья адамның құқығы мен бостандығын басты назарда ұстап, әділ және ашық болуын қамтамасыз ету жолдары қарастырылды.

Мұсабек Тұрғынбекұлы бұл тұста да сырт қалмады. «БАҚ тарапынан «пәлен жерде адам өлді, ұрып кетті, соғып кетті» деген ақпараттарды жөнсіз

тарата беру дұрыс емес. Кезінде Кеңес өкіметінде бұған тыйым салынатын. Қылмыс тиісті орындардың айналысатын шаруасы болуға тиіс. Оның ақпараттары адамды қорқытуға емес, қылмыстың ашылуына, оны жасағандардың ұсталуына пайдаланылуы керек», – деп көпшілік көкейіндегі ойды дөп басты.

Сот процесіндегі қағазбастылықты барынша шектеп, халыққа ыңғайлы ету, түрлі дау-дамайларды шешуде бітімгершілік тетіктерін қосу туралы ойларын да БАҚ беттерінде жиі жеткізіп отырды.

Бүгінгі таңда сотқа балама ретінде пайда болған «Медиация туралы» заң жұмыс істейді. Осы заңның қабылдануына бірден-бір еңбек сіңірген адам, ол – Мұсабек Тұрғынбекұлы. Құжаттың жазылуына, қоғам талқысына түсуіне, Парламентте қаралуына күш жұмсады. Өзара келісімге келе алмай жүрген тараптарды тәуелсіз, дербес тараптың, яғни медиатордың көмегімен бітімге келтіру жүйесін жолға қойды. Баяғы билер сотының заманауи үрдісін қалыптастырды.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, елімізде үкім шыққан істердің 3 пайызы бойынша ғана соттар билігіне шағым түседі екен. Бұл туралы Мұсабек Әлімбаев: «Демек, бұдан халықтың сотқа деген сенімі артқанын көреміз», – деп пайымдайды.

«Еліміздің сот жүйесінің қалыптасып, дамуына біз шамамыз келгенше үлес қостық. Енді оның одан әрі өркендеуіне бүгінгі жастар жауапты», – дейді бейнеттің зейнетін көріп отырған сот төрағасы.

Мұсабек Тұрғынбекұлы бүгінгі таңда Bank RBK-ның тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде мемлекет экономикасының дамуына еселі еңбек сіңіруде. Бергенінен берері көп мемлекет және қоғам қайраткерінің мол тәжірибесі бұл салада да пайдалы боларына сенеміз.

## Университеттің жеті ғалымы жеңімпаз атанды

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті жариялаған «Үздік ғылыми қызметкер – 2021» республикалық байқауының қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жеті ғалымы үздік деп танылды.**

Атап айтсақ, Теориялық және ядролық физика кафедрасының доценті Қуантай Бошқаев, физика-математика ғылымдарының докторы Асқар Дәулетов, Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының профессоры м.а. Әлібек Исақов, медицина ғылымының кандидаты, PhD докторы Қайрат Дәулетов, экономика ғылымының докторы Ләззат Спанқұлова, Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры Гүлнафис Әбдікерова, Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының доценті Гүлдана Қуанәлиева. Енді жеңімпаздардың әрқайсысы

2000 АЕК, яғни 5 млн 834 мың теңге көлемінде куәлік пен сыйақы алады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ғалымдарды қолдауға ерекше көңіл бөлуде. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биыл 500-ге жуық ғалымның ғылыми тағылымдамадан өтуіне стипендия тағайындалып, постдокторантура үшін жас ғалымдарға 1000 грант бөлінді. Президент тарапынан ғалымдарды қолдаудың кезекті шарасы жыл сайынғы «Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығын тағайындау болды. Ұйымдастырушылар бұл байқаудың ғылым мен техни-



каның дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдарды, ғылыми қызметкерлерді қолдауға бағытталғанын айтады.

«Биыл министрлік алғаш рет еліміздің үздік ғалымдары

үшін сыйақы тағайындады. Байқауға қатысуға өтінімдер арнайы құрылған және автоматты түрде сегіз өлшемшарт бойынша балдары бар ақпараттық жүйе арқылы қабыл-

данды. Бұл байқаудың ашықтығы мен транспаренттілігін қамтамасыз етті. Ғылыми жетістіктерді бағалау критерийлері ғылыми және сараптамалық қауымдастықпен бірге жасалды. Байқаудың барлық қатысушысы өтінім беру кезеңінде өз балдарын көре алды», – деп атап өтті ҚР БҒМ Ғылым комитетінің төрайымы Жанна Құрманғалиева.

Айта кетейік, байқауға қатысу үшін барлығы жеті бағыт тускен. Нәтижесінде комиссия мүшелері алты ғылыми-зерттеу институты мен 16 жоғары оқу орнынан 50 ғалымға «Үздік ғылыми қызметкер – 2021» сыйлығын беру туралы шешім қабылдаған.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі**





**Қырымбек КӨШЕРБАЕВ,**  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы:

# ҚазҰУ – интеллектуалды көшбасшы



Соңы. Басы 1-бетте

Кездесуде Қырымбек Көшербаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың креативті индустрияны дамыту мақсатында берген тапсырмасына сәйкес атқарылған жұмыстарға тоқталды. «Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бұл бағытта алғашқы жұмыстар басталды. Үкімет креативті индустрияны дамыту бойынша жобалық кеңсе құрды. Қараша айында «2021-2025 жылдарға арналған креативті индустрияны дамыту тұжырымдамасы» қабылданды. Соған сәйкес, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында бизнес-инкубаторлар, орталықтар мен хабтар құру қарастырылған. Алматы қаласында құрылатын бизнес-инкубаторға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті негіз болуы керек деп есептеймін. Оған толық мүмкіндіктер бар. Жалпы, кез келген қоғамда креативті идеяларды тудыратын орта – жоғары оқу орындары мен ондағы энтузиаст жас ғалымдар. Бұл тұрғыда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақтың интеллектуалды тарихында бұрыннан көшбасшы», – деді Мемлекеттік хатшы.

Сонымен қатар өз сөзінде Қырымбек Көшербаев студенттермен кездесу барысында креативті индустрияны дамыту үшін бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау қажеттігін жеткізді.

Жүздесу барысында Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов креативті индустрияны дамыту үшін нақты жоспарларды бекітіп, жұмыс атқару керегін айтты. «Бүгінгі шара креативті индустрияны дамытуға септігін тигізеді анық. Бізге осы саланы дамыту үшін жұмыс істеу қажет. Алдағы уақытта осы тақырып төңірегінде Экономика министрлігімен бірлесіп жиналыс өткіземіз. Оған барлық облыс әкімдерінің орынбасарлары қатысады. Нақты ұсыныстарыңыз болса, сіздерді сол жиналысқа қатысуға шақырамын. Үкімет бірге жұмыс жасауға әрқашан дайын», – деді Ералы Тоғжанов.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарға университетке келіп, креативті индустрияны дамытуға қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдірді. ҚазҰУ ректоры университеттің талантты жастары үшін бүгінгі

кездесудің маңызы зор екенін атап өтті.

«Мемлекеттің келешегін қалыптастыратын – бәсекеге қабілетті білімді жастар. Бүгінгі таңда жас ғалымдарымыз, талантты өнерпаздарымыз елімізді халықаралық деңгейде танытуда. Шығармашылық индустрия – жаһандық экономиканың ең жылдам дамып келе жатқан бағыттарының бірі. Соңғы онжылдықта шығармашылық салалар қоғамның әлеуметтік және мәдени дамуына ерекше әсер етті. Осы орайда, Қазақстандағы креативті индустрияны дамыту мәселелеріне арналған бүгінгі кездесудің, әсіресе талантты жастарымыз үшін маңызы өте зор», – деді университет басшысы.

Кездесу ашық диалог форматында өтті. Студенттер Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевқа өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, креативті индустрияны дамыту бойынша жаңа идеяларын ортаға салды.

Заң факультетінің 1-курс докторанты Ақерке Жақыш креативті индустрияны дамытуға үлес қосатын жастар үшін жаңа білім беру бағдарламасын іске қосу қажет екенін атап өтті. «Осы мақсатта креативті салалар үшін даму қорын құру және инвестициялық және қаржылық саясатта, салық салуда, импорт пен экспортта белгілі бір ынталандыруларды қолдану қажет деп санаймыз. Сондай-ақ креативті индустрияның дамуына өз үлесін қосатын жас таланттарды оқыту үшін жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеуді ұсынамыз», – деді Ақерке Жақыш.

Кездесу барысында Мемлекеттік хатшы Қырымбек Елеуұлы бастаған делегация Әл-Фараби кітапханасындағы университет ғалымдарының еңбектері қойылған ғылыми жетістіктер көрмесімен танысты. Сонымен қатар Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы саласындағы ғылыми-зерттеу нәтижелері таныстырылды. Атап айтқанда, «Абайдың кісілік кодексі», «Абайтану. Таңдамалы еңбектер», «Абайтану антологиясы» 10 томдығы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Абайтану антологиясы» интеллектуалдық Е-ресурстар базасы, «Абай институтының еңбектері» сериясы бойынша басылып шыққан университет ғалымдары еңбектерінің тұсаукесер рәсімі өтті.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР еңбек сіңірген қайраткері, құрметті журналист Нұртілеу Иманғалиұлы атындағы «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының оқу-шығармашылық зертханасы ашылды.

# Нұртілеу Иманғалиұлы атындағы оқу зертханасы ашылды

Салтанатты рәсімге Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, БАҚ басшылары, танымал журналистер, қоғам және өнер қайраткерлері, журналистика факультетінің оқытушы-профессорлары мен студенттері қатысты.

Жиылғандар алдымен «Нұртілеу Иманғалиұлы – ұлттық телевизияның қайраткері» атты кітап және фото көрмесімен танысты. Онда қайраткер тұлғаның баспасөз беттерінде әр жылдары шыққан сұхбаттары, ол жайлы мақалалар мен естеліктер жинағы, өмірінің жарқын сәттерінен түсірілген фотосуреттер қойылған.

Ашылу салтанатында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева құттықтау сөз сөйлеп, майталман журналистің еңбек жолына тоқталды. «Нұртілеу Иманғалиұлы ғұмырының 35 жылын телевизияға арнап, тынымсыз еңбек еткен тұлға болды. Ол нағыз еңбек адамы еді. Еңбек жолын қатардағы тілші болудан бастап, жоғары жауапты қызметтерге дейін өсті. Көрсерменнің сүйікті тележүргізушісіне айналды. Бұл биікке ол талантымен, дарынымен, еңбекқорлығымен жетті», – дей келе, Нұртілеу Иманғалиұлының білікті тележүргізуші болуымен қатар, Қазақ телевизиясы саласында өзіндік мектеп қалыптастыра білгенін, оған қарап бой түзеп қаншама буын шәкірт өскенін атап өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев өз сөзінде экран арқылы халықтың сөзін жеткізіп, ұлт зиялыларын елге танытқан, өзі де ерен еңбегімен көпшіліктің ықыласына бөленген тұлға екенін атап өтті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Біріккен Араб Әмірліктерінен келген Мұхаммед әл-Муайни бастаған делегациямен кездесті. Тараптар өзара серіктестікті дамыту, сонымен қатар білім мен ғылым саласында жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізу бойынша пікір алмасты.

# Қаламгерлер еңбегі араб тіліне аударылады

Жүздесу барысында университет басшысы меймандарға жұмыс сапарымен келгені үшін алғыс айтып, бірқатар ұсынысын жеткізді.

«Бүгінде екі ел арасындағы ынтымақтастық қарқынды дамып келеді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Біріккен Араб Әмірліктеріндегі бес жоғары оқу орнымен тығыз байланыста. Бұл бағыттағы іс-шараларды жүйелеп, ынтымақтастықты одан әрі дамыту жолында бірлескен жұмыстарға жаңа серпін беруіміз керек. Алдағы уақытта тәжірибе алмасу, ортақ конференциялар мен көрмелер ұйымдастыруымыз керек деп санаймын. Сонымен қатар ғылым, мәдениет пен әдебиет саласында жүйелі жұмыстарды бірлесіп атқару керек», – деді университет ректоры.

Өз кезегінде БАӘ Халықаралық мәдени дипломатия институтының басқарма төрағасы Мұхаммед әл-Муайни ыстық ықыласпен қабылдағаны үшін Жансейіт Түймебаевқа алғыс айтып, өз ойын ортаға салды.



үлгі етті. «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – өзіндік мектебі қалыптасқан ұлттық журналистиканың ұстаханасы. Журналистика факультетінен елімізге белгілі майталман тұлғалар өсіп шықты. Нұртілеу Иманғалиұлы осы үлкен мектептен тәлім алған қайраткер тұлғамыздың бірі де бірегейі болды», – дей келе, бұл зертханалық кабинеттің тележурналистикаға қанат қаққан шәкірттердің ордасы боларына зор сенім білдірді.

Сондай-ақ алқалы жиында «Алматы» телеарнасының директоры Нұржан Жалауқызы, «Qazaqstan» арнасы Алматы студиясының директоры Сәуле Жиреншина, Нұртілеу Иманғалиұлының зайыбы Қарлығаш Табулдинова және қаламгердің өзге де әріптестері мен замандас достары, шәкірттері сөз алып, оның азаматтық қыры мен журналистік сыры жайлы пікір білдірді.

Қарашаңырақ ҚазҰУ-дан түлеп ұшқан Нұртілеу Иманғалиұлы Қазақ телевизиясының «Жастар» редакциясында қатардағы тілшіден ҚР Үкімет кеңсесінің Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің сектор меңгерушісі, ҚР Президенті Әкімшілігінде бас ма-

ман қызметтеріне дейінгі үлкен жолдан өтті. «Хабар» агенттігінде жауапты қызметтер атқарды. Республикалық «Қазақстан» те-


ле-радио корпорациясын басқарып, зейнетке шыққанға дейін басқарма төрағасының кеңесшісі болды. Саналы ғұмырының жарты ғасырын телевизия саласына арнап, «Құрдастар», «Жастар дауысы», «Арай», «Жадында ма, жолдас?», «Алтыбақан», «Айна», «Жас жігер», «Бетпе-бет», «Қолтаңба», «Діңгек», «Көршілер», «Заң сөйлесін», «Nur-Tiley» авторлық бағдарламаларын жасады.

Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Нұртілеу Иманғалиұлы екі мәрте ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Парасат» орденімен марапатталған.

Бұған дейін елімізде журналистика факультетінің студенттеріне Нұртілеу Иманғалиұлы атындағы арнайы шәкіртақы тағайындалған болатын. Парламент Сенаты ұйымдастырған «Аманат» байқауы аясында Нұртілеу Иманғалиұлы атында журналистерге арнайы сыйақы бекітілді. Телевизия ардагерінің атында волейболдан турнир өткізілді.

**Әйгерім ӘЛІМБЕК**

Кездесуде Жансейіт Түймебаев қазақ, араб ақын-жазушыларының шығармаларын екі тілге аудару қажеттігін атап өтті. Қазақстан тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін шығарма-



«Алдымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! ҚазҰУ ұсыныстарын қолдай отырып, өз тарапымыздан шығыстану факультеті жанынан «Арабтану» ғылыми-зерттеу орталығын ашуды ұсынамыз. Біз орталықты қажетті ғылыми, әдеби кітаптармен қамтамасыз етеміз. Бұл бастама өз кезегінде қазақ студенттерінің араб тілін және әдебиетін жетік меңгеруіне жол ашады», – деді Мұхаммед әл-Муайни.

ларды, сондай-ақ ислам дінінің таралуына өз үлесін қосқан тұлғаларды бірлесіп жинап, олардың еңбектерін жастарға насихаттау керек екенін жеткізді. Сонымен қатар университет басшысы араб студенттерін ҚазҰУ-да оқуға және қазақ тілін үйренуге шақырды. Осылайша қос тарап айтылған ұсыныстарды жүзеге асыруға уағдаласып, кездесу соңында ізгі тілектер мен естелік сыйлықтармен алмасты.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**





# Мемлекеттік сыйлық иелері – мақтанышымыз

**ҚазҰУ ғалымдары Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік марапатқа ие болды. Олардың қатарында Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығының бас директоры, академик Аманкелді Саданов, Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры, Жаратылыстану ғылымдары академиясының толық мүшесі, Ресей жаратылыстану академиясының корреспондент-мүшесі, ҚазҰУ-дың Директорлар кеңесінің мүшесі Күнсұлу Закарья мен Биотехнология кафедрасының доценті Гүлнар Ұлтанбековалар бар.**

көтере түсіп, жоғары деңгейге жеткізу. Елімізде ғылым саласы дамымаса, басқа елдермен тереземіз тең болуы екіталай. Ғылымның өндіріске еніп, оның экономикаға пайдасы тиюі қажет. Қазақстанның өсіп-өркендеп, әлемге кең құлаш жаюы үшін ғылымды дамытуымыз керек. Ғылымның нәти-

қалмай, бүгінде төрт вакцина шығарып үлгердік. Қазіргі таңда қалғанын клиникаға дейінгі, яғни жан-жануарларға жасалатын зерттеулерді аяқтадық. Әрі осы бес вакцинаға патент алдық. Бұл тек біздің ғана жұмысымыз

## ҚАЗҰУ-МЕН БІРГЕ АТҚАРАТЫН ЖОБА-ЖОСПАР КӨП

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығының бас директоры, академик Аманкелді Садановпен кездесіп, Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік марапатымен құттықтады. Көрнекті тұлғаға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» медалін табыстады.

Жүздесуде білім ордасының басшысы орталықтың жаңа отандық препараттар мен технологияларды жасап шығарудағы жоғары жетістіктері және ғылымның микробиология мен вирусология бағыттарындағы зерттеулерінің өзектілігін атап өтті. «Өзіңіз жетекшілік жасаған ғалымдар тобы еліміздің биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Розеофунгин-АС» отандық жаңа түпнұсқалық дәрілік препаратты әзірлеу және оның өндірісін ұйымдастыру» тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, зор табыстарға жетті», – дей келе, ректор Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыруға үлес қосқан ғалымдардың еңбегіне ерекше мән берді.

Академик Аманкелді Саданов оқу ордасы туралы өз пікірімен бөлісті:

– Университет білім мен ғылымның қатар жүріп, байланысуы арқылы келер ұрпақтың білімге деген күш-тарлығын қанағаттандыра алады. Егер білім ғылымнан кенже қалып



кеткен жағдайда университет өз мән-мағынасын жоғалтады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Жансейіт Қансейітұлы қызметке кіріскен аз уақыт ішінде көптеген істерді атқарып, өзгелерге үлгі бола білген ел азаматы, беделді тұлға. Елімізде университет көп, бірақ қазақтың қарашаңырағы, киелі шаңырағы жалғыз, ол – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Ал сол мәртебені өз деңгейінде ұстап тұру оңай шаруа емес. Жансейіт Қансейітұлының ел алдындағы, мемлекет алдындағы мақсаты – оқу ордасының мәртебесін

жесі – халық оның пайдасын көруінде. ҚазҰУ-мен алдағы уақытта бірігіп істейтін жоба-нұсқаларымыз бар. Әсіресе биология факультетімен бірлесіп атқаратын жұмыстарымыз ұшан-теңіз. Ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды қолға алып, іске асыру мақсатында қолдан келгенді жасау үшін аталмыш факультетпен кеңестік. Сол жоспарларды бірлесіп атқаруға, білек сыбана кірісуге дайынбыз. «Күш – бірлікте» демекші, бірлігіміз жарасқанда ғана ғылымымыз өркендей түсеріне шәк келтірмеймін.

## ҚАРА ШАҢЫРАҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН



Мемлекеттік сыйлықты жеңіп алған ғылыми жұмыс «Розеофунгин-АС» жаңа отандық бірегей дәрілік препаратты әзірлеу және өндіруді ұйымдастыру» деп аталады. Ол «Антибиотиктер» зертханасының меңгеруші лауазымын атқарған кезінде «Розеофунгин-АС, жақпа 2%» дәрілік препараттың алудың технологиялық процесін оңтайландыруға тікелей қатысты. Бұл препаратты өндіруде осы Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығының лаборант, кіші ғылыми қызметкерлер, ғылыми қызметкерлер, жетекші ғылыми қызметкерлер мен бас директор А.Садановтың еңбегі өте зор.

– Алдағы уақытта ҚазҰУ-да білім алып жүрген жастарға өз білімімді практикалық жағынан үйретсем деп ойлайтынмын. Себебі «Розеофунгин-

АС» жақпа майын өндірген кезде заманауи биотехнологиялық құрал-жабдықтарды қолданып және болатын биотехнологиялық үрдістерді байланыстыра білетін мамандар ғылыми қоғамда қажет екеніне көз жеткіздім. Қазіргі таңда Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі. Әрі экономикасы өсіп келе жатқан, халқы біртұтас және үлкен жоспары бар біз секілді мемлекетке заманауи құралда жұмыс істей алатын, сонымен қатар биотехнологиялық үрдістерді білетін жоғары білімді жас мамандардың санын арттыру қажет. Сол себептен ҚазҰУ қабырғасында қазіргі биотехнология мамандығы бойынша білім алып жүрген студенттеріміздің білімін ары қарай тәжірибелік тұрғыда тереңдете түсеміз, – дейді ол.

## ҒАЛЫМ СТУДЕНТТЕРМЕН ТӘЖІРИБЕ БӨЛІСУГЕ ЫНТАЛЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен Ғылыми кеңестің кезекті отырысында Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев COVID-19 коронавирусы инфекциясына қарсы отандық QazVac експесін әзірлеуші, Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күнсұлу Закарьяның ел ғылымының дамуына сіңірген жанкешті еңбегін атап өтіп, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Құрметті профессоры» атағын табыстады.

«Бұл біздің ғылымымыздағы айтулы оқиға. Ғалымдарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында Қазақстан өз вакцинасын жасап шығарған Германия, Ресей, Қытай сынды алпауыт елдердің қатарына кірді», – дей келе, университет басшысы ел ғылымының деңгейін дүниежүзілік дәрежеге көтерген ғалымдарға алғыс білдіріп, өзгелерге үлгі етті.

– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Құрметті профессоры» атағы деген сыйға бөлену – мен үшін үлкен мәртебе, сөз жетпес қуаныш. Иә, пандемия басталған 2019 жылдың желтоқсан айынан бері ғылыми-зерттеу институты ғалымдары жұмыла отырып биологиялық қауіпсіздік проблемаларын талқылап, бізге қажетті вакцина технологиясын әзірлеуді қолға алуға кірістік. Аурудың алғашқы нұсқасы Алматы инфекциялық ауруханасында табылып, біздің қолымызға қосалқы материал түскеннен бастап COVID-19-ды тудыратын вирусты шығарып, оны тазартып, ісімізге жұмыла кірістік. Мұнымен ғана тоқтап

емес, күллі ісі қазақтың бізге білдірген сенімі мен ел жанашырларының қолдауы деп білемін. Алғашында адамдарға клиникалық зерттеулерді өткізу бойынша бізде заңнамалық актілер болмаған. Бізге үлкен көмек көрсеткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғысымыз шексіз. Себебі дер кезінде заңнамалық актілер қабылданып, қаржы, құрал-жабдық және реактивтер табылды. Соңғы тоғыз ай ішінде зауыт салынды. Бұл Қазақстан үшін мақтанатын айтулы оқиға. Зауытты Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты түрде ашты. Енді, міне, сол зауытта қолымызға тиген вакциналарды шығарудамыз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына вакцинамызды тіркеуді де бастадық, – дейді Күнсұлу Закарья. – Еліміздегі ең беделді университеттердің бірі – ҚазҰУ-дың Директорлар кеңесінің мүшесі болу мен үшін шын мәнінде үлкен абырой. Ғылым мен білімге аянбай еңбек етіп жатқан ұстаздар, профессор, академиктердің арасында болу екінің біріне бұйырмайтын бақ. Жарқын келешегіміз болған өскелең ұрпаққа қолымыздан келген тәжірибемізбен алмасып, бар білгенімізбен сусындатудан аянбаймыз. Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының есігі студенттер үшін, ұстаздар үшін әрдайым ашық. Алдағы уақытта киелі оқу ордасымен бірлесіп жұмыс істеуге әзірміз. ҚазҰУ-дан түлеп ұшқан студенттердің ертеңгі күні ғылымда адамзатқа пайдасы тиетін жаңалықтар ашып, біздің үмітімізді ақтайды деген сенімдемін.



# Жылдың ерекше естеліктері

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ

Биылғы оқу жылын Әл-Фараби университетінің оқытушы-профессорлар қауымы жақсы көңіл күймен аяқтап отыр. Қарашаңырағымыз ҚазҰУ-да инфрақұрылымдық модернизациялау жұмыстары қарқынды жүргізілді.

Басқасын айтпағанда, жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары ең алдымен студенттер мен оқытушы-ғалымдардың көңілін жадыратқаны анық. Қырық жылдан бері күрделі жөндеу көрмеген ғимараттардың іші де, сырты да тозып тұрғаны рас еді. Өзіміздің көзіміз әбден үйреніп кеткені ештеңе емес, шетелдік ғалымдарды университетке дәріс беруге шақырғанда сабақ арасындағы аз уақытта асханаға апара алмай, шай ішетін жер таба алмай қиналатын едік. Биыл азғана уақытта осының бәрі орнына келіп, университет шын мәнінде жаңғырып жатқанына куә болдық.

Әл-Фараби университетінің ректоры, профессор Ж.Түймебаевтың жақында ғана өткен ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесімен құттықтауы да университет зиялыларының көңілінен шықты. Ректор ғалымнан бастап, аспаз, еден сыпырушыға дейін тәуелсіздікке қосқан үлесі бар



екенін ерекше атап көрсетіп, олардың ерен еңбегін медаль, алғыс хатпен бағалады. Бастысы, бағалады! Бұл ерекше бастама болды. Көзге көрінбейтін жұмысты атқарып жүрген азаматтар еңбегінің бағалануы ерекше тәнті етті. Биылғы құттықтаулар осындай халықшыл бастамасымен ерекшеленді. Елдің мәртебесін биіктетті.

Мереке құтты болсын, әріптестер! Тәуелсіздік мерекесі, Жаңа жыл мерекесі берекелі болсын!

**Анар САЛҚЫНБАЙ,**  
Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ профессоры,  
филология ғылымының  
докторы

## ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕГІ АСХАНАЛАР АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміздің ең үздік оқу орны. Бүгінде білім ошағында студенттер үшін барлық жағдай жасалған. Соның ішінде университетте оқу, медицина, заң, қаржы және мәдени, ойын-сауық қызметтерін көрсететін студенттерге арналған «Керемет» жастар ресурстық орталығы бар.

Күні кеше орталық қатары заманауи асханамен толықты. «Ас – адамның арқауы» демекші, денсаулықтың жақсы болуы адамның дұрыс тамақтануына байланысты. Осы мақсатта «Керемет» орталығында заманауи үлгідегі асхананың ашылғаны жақсы жаңалық. Университет басшылығы ең алдымен асханаға келушілердің сапалы тамақтануы мен денсаулықтың жақсы болуын бірінші орынға қойғанын алға тартты. Мұнда қазақ, түрік және еуропа халықтарының ас мәзірін ұсынады. Бір ерекшелігі – тағам құны қолжетімді. Одан бөлек, нәрлі, құнарлы, денсаулыққа пайдалы тағамдардың түр-түрін асханадан таба аласыз.



мақтану орталығының ашылуы студент жастар мен оқытушыларды, қызметкерлерді қуанышқа бөлеуде. Сондықтан студенттердің дұрыс әрі толыққанды білім алуына, жан-жақтылыққа баулуына, мәдениет деңгейінің жоғарылауы мен дұрыс денсаулық қалыптастыруына жағдай жасап отырған оқу ордасына алғысымыз шексіз.

**Динара САҚАТБЕКҚЫЗЫ,**  
журналистика  
факультетінің  
2-курс студенті

«Бағалай білгенге бақ қонар» дейді қазақ халқы. Сондықтан мен де ҚазҰУ басшылығының қарапайым қызметкерлерге жасаған игіліктерін атап өтуді жөн көріп отырмын. Жалақымыз көтеріліп, Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына орай сыйақы алғанымыз мен үшін де, отбасым үшін де қуанышты жаңалық болды. Әлеуметтік жағдайымыз жақсарып, балалар мейрамды ерекше көңіл күймен қарсы алмақ.

ҚазҰУ-да 2010 жылдан бері жұмыс істеймін. Біз әкімшілік ғимараттың қызметкерлерге жайлы

## ҚАРАПАЙЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛДЫ

болуы үшін аянбай еңбек етеміз. Биыл қатардағы қызметкер болсақ та, ұжым алдында бізге құрмет көрсетіп, ел алдына шақырып марапаттады. Ол үшін оқу ордасының басшылығына алғыс айтамын.

Бірде АҚШ президенті ғарыш айлағын тазалап жүрген қызметкерден: «Сен немен айналысып жүрсің?» – деп сұрапты. Сонда әлгі қызметкер: «Ғарышкерлерді ғарышқа ұшыруға

## КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС – ЖАҢА ДӘСТҮР

Биылғы ҚазҰУ-дың ең үлкен жаңалығы – оқытушы-профессорлар құрамы айлығының көтерілуі. Енді ғалымдарымыз алаңсыз ғылыми ізденістерін жүзеге асырмақ. Ұжымға осындай жағдай жасаған басшымыз Жансейіт Қансейітұлына алғыс айтамыз.

Екінші жағымды жаңалық – қырық жыл жөндеу көрмеген оқу корпустарының күрделі жөндеуден өтіп, тұтастай жаңаруы. Заманға сай безендірілген, жылы, жарық, жайнаған корпуста сабақ оқудың, сабақ өтудің өзі студентке де, оқытушыға да ерекше мотивация.

Сондай-ақ еліміздегі, шетелдегі белгілі тұлғалардың көшбасшылық дәрісін өткізудің жолға қойылуы да жыл жаңалығы болды. Тәуелсіз Қазақ елінің дамуына үлесін қосқан белгілі тұлғалардың парасатты, тұшымды дәрістерінен жастардың алары мол. Қоғам қайраткері Қанат Саудабаев, сенаторлар Сауытбек Абдрахманов, Мұрат Бақтиярұлы т.б. өткізген дәрістердің жалғасы болары сөзсіз. Ал Түркияның эксп-президенті Абдулла Гүлдің көш-



басшылық дәрісі түркі әлемі бірлігін тағы бір паш етіп, рухты серпілтіп тастады.

Сөз соңында айтарым, ҚазҰУ-да биыл жақсы жаңалықтар көп. Ғалымдар бағы, Елбасы саябағы ашылды. Келе жатқан жаңа жылдың да жағымды жаңалығы көп болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Айгүл РАМАЗАН,**  
Баспагерлік-редакторлық  
және дизайнерлік өнер  
кафедрасының меңгерушісі,  
филология ғылымының  
докторы

Ғылыми-техникалық прогресті ынталандырудағы ең үлкен мәртебелі шара – жыл сайын Мемлекет басшысы тапсыратын, сондай-ақ Білім және ғылым министрлігі бөлетін мемлекеттік сыйлықтар мен стипендиялар.

ғана емес, жеке компаниялар да қатыса алатыны өте маңызды.

Қазақстандық ғылымды ұйымдастыру жүйесіндегі жоғарыда сипатталған реформалар ҚазҰУ-да бірегей зерттеу микроклиматын қалыптастыруға мүм-

## 13 ҒАЛЫМ СТИПЕНДИАТ АТАНДЫ

Еліміздің көрнекті ғалымдарының сіңірген еңбегін мемлекеттік деңгейде мойындау қоғамдық санада ғылым мен технологияның маңыздылығын жан-жақты нығайтуға қызмет етеді.

ҚазҰУ-дың әрдайым ұлттық рейтингтерде көш бастауы ұстаздардың заман ағымынан қалмай, ізденіс үстінде жүретінінің айғағы. Сөзімізге дәлел ретінде айтар болсақ, республикалық деңгейде университетіміздің 13 ғалымы мемлекеттік ғылыми стипендия иегері атанды. Мемлекет тарапынан дарынды жастарды қолдауға бағытталған мұндай шаралар оларға өздерінің батыл әрі креативті идеяларын іске асыруға және шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Инновациялық экономиканы дамыту тұрғысынан ғылымды қаржыландыруға «Ғылым қоры» АҚ сияқты мемлекеттік және онымен үлестес құрылымдар



кіндік берді. Сондай-ақ ғылыми мектептерді дамыту және ең жоғары рейтингті журналдарда жарияланған әлемдік деңгейдегі нәтижелерге қол жеткізуге жол ашады.

**Мөлдір ИСАНОВА,**  
физика-техникалық  
факультеті деканының  
ғылыми-инновациялық және  
халықаралық байланыстар  
жөніндегі орынбасары,  
PhD докторы

## ТҮРКИЯМЕН ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫҚ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ж.Түймебаевтың қолдауымен осы жылдың 25-29 қазан аралығында оқу ордасының 50 оқытушысы Түркияның Анталья қаласындағы жоғары оқу орындарында біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Иссапардың негізгі мақсаты тәжірибе алмасуға негізделді.

Күрс барысында біз экономикасы дамыған мемлекеттің білім беру саласының озық жүйесімен таныстық. Түбі бір туыс елдің ағарту ісіндегі әдістемелік, ғылыми және оқыту жүйесінен қажетті ақпарат алып, біліктілігімізді шыңдауға мүмкіндік алдық.

Дәстүр мен жаңашылықты үйлестіре білген ел ретінде Түркия мемлекетінен кез келген салада тәжірибе алмасып, кәсіби деңгейінді арттыруға мүмкіндік зор. Сапарда біз Анталья қаласының бірнеше университетінің тәжірибесімен танысып қайттық. Атап айтқанда, Анталья Білім университеті мен Ақтеңіз университетінде болып, оқытушы-ғалымдар құрамымен танысып-білістік. Біліктілікті арттыру барысында әр білім алушыға жеке ыңғай танытатыны қызықтырды. Студенттерге жасалған жайлы жағдайды көрдік. Білім алушыларды әлеуметтік тұрғыда жан-жақты қолдайтынына тәнті болдық. Сондай-ақ заман талабына сай оқу бағдарламаларын білім алушылардың қажетіне қарай ұсыну әдіс-тәсілі жақсы дамығаны байқалды. Сонымен қатар оқу орны тек білім берумен шектелмей, өндірісті де бірге дамытып отырғаны аса қызықтырды. Түркия елінде жоғары білімді болашақ мамандар өндірісте өз мамандықтары бойынша кәсіби біліктілігін жетілдіру арқылы дайындығы бар маман ретінде өмірге бірден араласып кетуге мүмкіндік алады. Осы үрдіс өзіме ерекше ұнады.

Білім мен мәдениеттің озық үлгісімен танысып, дүниетанымымызды кеңейтіп, біліктілікті арттыруға жағдай жасаған университет басшылығына зор алғыс айтамын. Осындай үрдіс жалғасын тапса деген тілегім де бар.

**Әлия ӨМІРБЕКОВА,**  
философия ғылымының  
кандидаты,  
доцент



**Ержан ҚАСЫМОВ,**  
Өндірістік қамтамасыз  
ету департаментінің  
қызметкері





Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 100-ден астам шетелдік профессорлар мен ғалымдар дәріс оқиды. Мұндағы мақсат – оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев айтқандай, білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеру. Жақында ректор ҚазҰУ-дағы шетелдік ғалымдармен жүздесіп, алдағы уақытта әлем университеттерімен ынтымақтастықты одан әрі дамыту жоспарын дайындау қажеттігін ескерткен еді. Осыны негізге ала отырып, «Qazaq universiteti» газеті білім ордасында қызмет ететін халықаралық деңгейдегі профессор-ғалымдар туралы сериялы мақалалар ұсынбақ.

Алғашқы кейіпкеріміз – Ирактағы Бағдад университетінің профессоры Одай Алғайси Ибраһим Абдулла. Ол соңғы элемент әдісі және оны механикада қолдану бағыты бойынша маманданған инженерлік механика саласының ғалымы. Одай Абдулла жеңіл автокөліктерден бастап, жел-электр стансасының турбиналарына дейін көптеген бағытта зерттеу жүргізеді. ҚазҰУ-лық

– ҚазҰУ-да сабақ беру барысында студенттер дәрістен қалмайтынын байқадым. Сонымен бірге олардың арасында танымы терең шығармашылық идеяға бай балалар да кездеседі. Оған дәлел – тәлімгерлердің ғылыми негізі бар сауалдар қоя алуы. Бұл бізге оқытушы мен студент арасында жылы қарым-қатынас құруға көп көмегін тигізеді. Нәтижесінде дәрісте айтылған ақпа-



түрлі елдерінде оқу мүмкіндіктерін жиі көрсететін. Сондай-ақ Германиядағы университетте оқу кезінде студенттік өмірінен қызықты оқиғаларды баяндайтын. Бұл студенттің оқуға және білім алуға деген ынтасына оң әсерін тигізеді. Біз профессор Одай Алғайсиге ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс және студент тәрбиелеу секілді қиын да қызықты қызметі барысында еңбегінің жемісін көруін тілейміз, – дейді ғалымның шәкірті.

Профессор ҚазҰУ-дағы әр алуан білім беру, емтихан алу тәсілдері мен оқытушылық құрамның құзыреттілігінің жас тәлімгерлердің ғылыми қабілетінің дамуына оң ықпал ететінін жеткізді.

– Университет жүйесіне бейімделу барысында айтарлықтай қиындықтар болмады. Өйткені ҚазҰУ мен неміс универси-

Одай АБДУЛЛА, Бағдад университетінің профессоры:

# Халықаралық стандартқа сай білім ордасы

әріптестері оны өте белсенді түрде жарияланатын, ғылыми жобалары жаңа заман сұранысына сай ғалым ретінде сипаттап отыр. Механика кафедрасының меңгерушісі Зәуре Рақышеваның айтуынша, Одай Абдулла ҚазҰУ-да ерекше құлшыныспен қызмет етіп жүр.

– Одай Абдулла – Бағдад университетінің профессоры, соңғы үш жылда Гамбург технологиялық университетінің ғылыми қызметкері болды. Ол әлемнің түкпір-түкпіріндегі ғалымдармен тығыз байланыста. Біз 2019 жылы өткен Бүкіләлемдік механиктер съезінде танысып, түрлі ғылыми тақырыптарда ой бөліскен едік. Сол кезде біздің оқу ордамызда жұмыс істегісі келетінін айтты. Біз оған студенттерімізге дәріс оқумен қатар, импакт-факторы жоғары журналдарда ғылыми мақалалар жариялау туралы талап қойдық. Ол тек қана осы семестр ішінде сегіз мақала жариялап үлгерді. Олардың квартиліі (*Quartile - red*) Q4, Q3 және Q2 деңгейінде. Тіпті біз танысқан алғашқы уақыттан бері оның Хишр индексі 12-ден 13-ке көтерілді. Бір сөзбен айтқанда, мінезі ашық, өте белсенді адам. Сондай-ақ мен оны Ө.Жолдасбековтің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында ұйымдастырылған Жас ғалымдар мектебіне шақырдым. Сол жиында ол «Инженерлік мәселелерді шешуге арналған соңғы элемент әдісі» және «Халықаралық деңгейдегі журналдарда қалай жариялану қажет?» деген тақырыпта дәріс оқыды. Екеуі де жиынға қатысқан жас мамандар үшін қажетті әрі өте пайдалы болды, – дейді ол.

Ал Одай Абдулла ҚазҰУ-ды халықаралық деңгейдегі оқу орны деп бағалап, мұнда қызмет етуіне себепші болған әріптестеріне алғысын жеткізді.

раттар білім алушылардың көкейіне қонымды бола түседі, әрбір деректі асқан ыждағаттылықпен қабылдайды. Екі тарап үндестікте жұмыс істесе білім алушылардың түсіну, талдау және әртүрлі проблемалардың үздік шешімін ұсынуы жақсара түседі, – дейді ғалым.

Одай Абдулла ҚазҰУ-да жұмыс істеп бастағалы университеттің, әсіресе өзі сабақ беретін механика-математика факультетінің оқу жоспары мамандандыруға қатысты көптеген маңызды пәндермен қамтылғанына куә болғанын айтты. Осы арқылы бұл салада болашағынан үміт күттіретін инженерлер алу басымдығы жоғарылай түспек.

– Менің ойымша, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзге халықаралық университеттермен тең дәрежеде дамуға мақсатты түрде және зор сеніммен қадам басып келеді. Сондай-ақ ғалымдардың ғылыми-зерттеу бағытындағы жобаларына моральдық және материалдық тұрғыда үлкен қолдау көрсетеді. Мұндағы мақсат – әлем университеттері арасында әртүрлі саладағы зерттеу топтарынан құралған ғылыми желі құру жолында ынтымақтастық орнату. Үнемі жоғары көрсеткіштерімен мақтана алатын кез келген жоғары оқу орнының жетістігі оқытушылар мен ғалымдардың үздіксіз дамуының және қолдауының арқасында жүзеге асады. Халықаралық университеттер мен ҚазҰУ профессорлары арасындағы жалғасын тауып келе жатқан интеграция да оған өз ықпалын тигізбей қоймайды. Ғылыми алмасу мен білім беру барысындағы түрлі әдістемелердің де әсерін жоққа шығара алмаймыз. Оқу ордасындағы ғылыми белсенділіктің артуына да осылар негізгі себепші болады, – дейді шетелдік ғалым.

Ол осыдан бірнеше жыл бұрын халықаралық журналдарда жарияланған ғылыми зерттеулерін оқи отырып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен танысқанын жеткізді.

– Бірақ мен бұл білім ордасының дамуы, білім беру тәсілдері туралы ақпаратқа қанық емес едім. Осылайша 2019 жылы Польшада өткен кезекті ғылыми конференциялардың бірінде профессор Зәуре Рақышеваны кездестірдім. Сол сәтте біз университет туралы, ондағы студенттердің деңгейі және академиялық ұтқырлық тәжірибесі мен ғылыми ынтымақтастық бағытындағы ҚазҰУ саясаты туралы ұзақ әңгімелестік. Нәтижесінде менің университет ұжымының ұстанымына деген таңданысым арта түсті. Сондықтан болар, осындай академиялық саладағы даму мен ғылыми ынтымақтастыққа бірге атсалысу туралы шешімге келдім. Әрине, кафедра оқытушыларының құрамында жұмыс істеу туралы ойымды профессор Зәуре Рақышева қолдады. Өтінішті қарастыру барысында ҚазҰУ ғалымның ғылыми беделі мен академиялық стандарттарға ерекше мән беретінін білдік. Осылайша резюмемді тексерген соң, осында жұмысқа қабылдандым, – дейді Одай Абдулла.

Студенттердің тіл білу деңгейіне де тоқтала кеткен жөн. Өйткені профессордың пікірінше, шетелдік ғалымдардың дәрісін тыңдау арқылы тәлімгерлердің ағылшын тілін меңгеру деңгейі көтерілмек.

– Менің дәрістеріме қатысқан студенттердің ағылшын тілі орташа және жоғары деңгейде болды. Бір семестр ішінде олардың ағылшын тілінде ойын еркін жеткізе алу қабілеттері өсті. Мен мұны алғашқы және соңғы апталардағы сабақтарды салыстыру

арқылы байқадым. Өте үлкен айырмашылық бар. Өйткені курстың соңғы кезеңі ғылыми жобаларды таныстыру және сұрақтар қою ұзақ ғылыми пікірталасқа жалғасатын, – дейді Бағдад университетінің ғалымы.

Одай Алғайсидің шәкірттері де ол туралы оң пікірде екен. Мәселен, механика-математика факультетінің 4-курс студенті Дастанбек Рақметбеков ғалым жұмыс барысында өзін өте сауатты әрі білікті ұстаз ретінде көрсетті.

– Ол әрбір сабаққа қажетті материалдарды кәсіби деңгейде әзірлеп, осы курс бағдарламасын асқан шығармашылықпен құрастырған. Профессор тобымыздағы студенттер өте қабілетті екенін айта отырып, оларға әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану қажет дейді. Ал әрбір студенттің жүрегіне жол табу үшін олармен етене жақын таныс болу керек. Одай Алғайси жұмысының айрықша қасиеті – студенттердің оқуға деген ынтасын, оптимизмін, өз күшіне сенуін табанды, мақсатты түрде шыңдайды. Әр оқушыға жақын болу үшін профессор әр сабақтың соңында қазақ тілінің кем дегенде бір сөзін оқып, сабақ барысында қолдануға тырысты. Профессор Одай Алғайси практикалық сабақтарға көп көңіл бөлді. Оның курсының арқасында біз MATLAB қолданбалы бағдарламалар пакеті туралы терең білім алдық. Бұл білім бізге ғарыштық зерттеулер саласында нәтижелі жұмыс жасауға көмектеседі деп сенеміз, – дейді ғалымның студенті.

Шәкірттері профессордың I wish you all the best деп жиі қайталайтынын еске алды. Ол – «Сендерге бар жақсылықты тілеймін» дегені.

– Негізгі сабақтардан басқа, шетелдік ұстазымыз әлемнің әр-

теттері секілді беделді жоғары оқу орындары арасында аса бір айырмашылық байқалмады. Мұны салыстырып отырған себебім – мен аталмыш университеттердің оқу жүйесі, білім беру және емтихан алу тәсілдерінде өз тәжірибем бар. Емтихан алудың әртүрлі форматтарын біз түбегейлі зерттедік. Бұл оқытушыларға студенттердің ғылыми-зерттеу қабілеттерін нақты бағалауға мүмкіндік беретін емтихан түрін таңдауға жол ашты. Жеке тәжірибемде мен бірқатар әлем университеттерінде дәріс өткіздім. Атап айтар болсам: Гамбург технологиялық университеті, /Германия/, Гамбург қолданбалы ғылымдар университеті, /Германия/, Салерно университеті /Италия/, Бағдад университеті /Ирак/, Баджи Мохтар Аннаба университеті /Алжир/, Сұлтан Кабус университеті /Оман/. Осыны негізге ала отырып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті барлық халықаралық стандарттарға сай жұмыс істейтінін атап өткім келеді. Егер қазіргі академиялық және ғылыми бағытынан таймаса, ҚазҰУ өз биігінен төмендемесі анық, – деп ойын қорытты профессор Одай Абдулла.

Сөз соңында университеттің қолдауымен ұйымдастырылатын ғылыми конференциялардың және шет мемлекеттерден шақырылған профессорлардың саны артып, әсіресе ашық журналдарда жариялау үшін ғылыми жұмыстар қорын ұлғайтады деген сенімін жеткізді. Профессордың көкейіндегі мәселе ҚазҰУ-дың стратегиялық даму жоспарында қамтылғанын ескерсек, алдағы уақытта оқу ордасының халықаралық ғылыми қауымдастықтағы салмағы арта түсері анық.





**«Дұрыс диагностика емделу процесіндегі жетістіктің жартысына тең» деген тіркесті бұрын да естіген боларсыз. Бүгінгі таңда депрессия – кең таралған аурулардың бірі. Бұл қоғам мүшелерін қабілетсіз етіп, белсенділікті төмендеуіне әкеп соқтырады. Депрессияның кері әсері жайлы психолог мамандар көптеген мінберлерде айтып та жүр. Дегенмен оның бір қиындығы – диагностикалау. ҚазҰУ ғалымдары осы түйткілдің түйінін шешпек.**

желер жыл сайынғы халықаралық конференцияларда талқыланып, жарық көрді. Сондай-ақ практикаға енгізу үшін түпкілікті нәтижелердің маңыздылығын көрсетті. Қазіргі зерттеуде әзірленген психометриялық әдістер осы психотерапевтік тәжірибеге уақтылы енгізілді деуге болады.

Өйткені пандемия кезінде депрессияның көбеюіне байланысты отандық психотерапевтер UNICEF, ЮНЕСКО-мен бірлесе отырып тегін консультация жүргізген болатын. Ендігі жерде депрессияны диагностикалауға арналған техникалық жабдықты әзірлеу үшін ЭЭГ био-

маркерлері дайын, – дейді профессор.

Зерттеу нәтижелерінен жақсы дамытылған танымдық және эмоционалды жүктемелер депрессиялық күйге тән ми сигналдарының өзгеруіндегі заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік беретініне көз жеткіземіз.

– Атқарушы функцияларын бақылау мен шешім қабылдауды зерттеу үшін таңдалған танымдық тапсырмалар когнитивті белсенділік кезінде ми қызметіндегі айырмашылықтарды анықтауға себеп болады. Жалпы, біздің нәтижелеріміз депрессиямен ауыратын науқастарда мидың атқарушы функцияларын бақылаудың нашарлауы және мидың белгілі бір ынталандыруларға белсенділігінің төмендеуімен байланысты екенін көрсетті. Зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері эмоционалды-депрессиялық жағдайларды диагностикалау және болашақта коммерцияландыру үшін компьютерлік бағдарлама немесе отандық өндіріс құралын құру түрінде енгізілуі мүмкін. Практикаға енгізу ауруды ерте кезеңдерде уақтылы диагностикалауға және емдеуге, суицидтің алдын алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ эмоционалды-депрессиялық жағдайларды диагностикалау үшін отандық өндіріс құралын құру жолдары қарастырылады. Өйткені алғаш рет жергілікті халыққа бейімделген және валидацияланған депрессиялық жағдайлардың диагностикалық критерийлерін зерттеу үшін психометриялық, танымдық міндеттер мен психофизиологиялық әдістердің ғылыми негізделген эксперименттік кешені негізінде компьютерлік бағдарлама жасалады, – дейді ғалым.

Ми белсенділігінің жетіспеушілігін және депрессиядағы мидың тұрақтылығының төмендеуін көрсететін ЭЭГ биомаркерлер – депрессияны диагностикалаудың негізгі критерийі. Демек, бұл құрылғыны депрессиямен суицидтің алдын алу үшін клиникалық тәжірибеде кеңінен қолдануға болады. Әлмира Құстыбаеваның айтуынша, деректер кейіннен ұлттық және халықаралық практикада кеңінен пайдаланылуы мүмкін. Өйткені алынған нәтижелерді психологиялық және психиатриялық, қауіпсіздік, адами ресурстар, медициналық, ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелерінің қызметінде пайдалануға болады.

2011 жылғы зерттеу көрсеткендей, жалпы тәжірибелік дәрігерлер депрессияны анықтауда қиналады. Өйткені пациенттердің жартысына жуығы депрессия белгілері туралы үндемей қалуға тырысады. Көпшілігі дәрігердің антидепрессанттарды тағайындауынан қауіптенеді. Ал енді бірі эмоцияны бақылау дәрігердің емес, өзіміз жеке ісім деп санайды. Сонымен бірге депрессия жағдайы туралы ескерту медициналық кітапшаға түсіп, жұмыс берушіге белгілі болады деген себеп те бар. Қазіргі таңда депрессияны анықтаудың скринингтік құралы ретінде қысқа сауалнамалар көбірек қолданылады. Ал оны түбегейлі анықтап, соңына дейін емделу үшін ЭЭГ биомаркерлер секілді объективті диагностикалық құралдар қажет-ақ.

# Депрессияны анықтаудың инновациялық үлгісі

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы депрессияның салдарынан болған экономикалық шығын жыл сайын шамамен триллион долларды құрайды деп есептейді. Өйткені когнитивті функциялардың тоқырауына себеп болатын депрессия абсентизм тактикасын, яғни жұмыстан қалу немесе презентацияны, яғни жұмыста отырғандай кейіп танытуға мәжбүрлейді. Сол себепті халықтың жұмыс қабілеті төмендейді.

Биология ғылымының кандидаты, профессор Әлмира Құстыбаеваның айтуынша, мінез-құлықтың бұзылуы көбінесе қылмыстық әрекеттерге баруға итермелейді де, қоғамға тікелей қауіп төндіруі мүмкін. Мұндай аурудан адам дер кезінде емделмесе, өз-өзіне қол жұмсау қаупі жоғары, кейде өмір сүру сапасын төмендетіп, әлеуметтік тұрғыда қоғамға теріс әсер етеді. Мәселен, статистикаға көз жүгіртсек, Қазақстанда суицидтен болатын өлім-жітім 100 мың тұрғынға шаққанда 26,9 пайызды құрайды.

– Стигмамен бірге депрессиялық жағдайларды диагностикалаудың объективті әдістерінің болмауы жағдайды қиындатып отыр. Осыны ескере келе, депрессиялық жағдайларды диагностикалаудың жаңа объективті әдістерін жасаудың шұғыл қажеттілігін байқаймыз. Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының басты жаңалығы – когнитивті жүктемелер кезінде депрессиялық жағдайды нақты анықтайтын жаңа ЭЭГ биомаркерлерінің детерминациясы. Бұл әдіс халықтың көп бөлігінің депрессияны анықтау үшін терсерілуіне мүмкіндік береді. Зерттеу теориялық ғылыми бағытта жергілікті халықтың депрессиялық жағдайларын көрсететін ЭЭГ-нің нақты заңдылықтарын



анықтауға, ал қолданбалы ғылыми бағытта депрессия биомаркерлерін компьютерлендіруге мән береді. Осылайша депрессиялық жағдайларды уақтылы объективті диагностикалауға және мінез-құлық бұзылыстары мен суицидтің алдын алуға ықпал етеді, – дейді профессор Ә.Құстыбаева.

Әлмира ханымның айтуынша, қазақстандық азаматтарға берілген танымдық тапсырмалар негізінде алғаш рет валидтік ЭЭГ биомаркерлері анықталды. Зерттеу қорытындысының бірегейлігі де сонда.

– Нәтижесінде ұйқы кезінде мидың стихиялық белсенділігінің ең көп мағлұмат беретін ақпараттылық көрсеткіштері анықталды. Сонымен бірге атқарушылық функциясын бақылау және шешім қабылдау үшін танымдық міндеттерді орындау кезінде туындаған ми потенциалының сипаттамасы жасалды. Бұл нәти-







ҚазҰУ-дың үздік қызметкерлерін анықтау, оларды әлеуметтік және моральдық қолдау және ынталандыру мақсатында «Ең үздік маман – 2021» байқауы өтті. Сайысты ұйымдастырушы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы. Биыл бұл сайыстың 10 жылдық алғашқы мерейтойы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналып ұйымдастырылып отыр.

сушысы Эльмира Әбдісаева өз кандидаттарын ұсынған ұжымға алғыс айтып, «Мұндай байқаулар бізге университеттің игілігі үшін жұмыс істеуге көмектеседі», – деді. Концерттік нөмірлер, әсі-

## Кәсіподақ үздік қызметкерлерді марапаттады



Кәсіподақ төрағасы Т.Мекебаев жиынды құттықтау сөзбен ашып, жеңімпаздарға құрмет көрсетті. Он жыл ішінде конкурс айтарлықтай өзгерді. Өйткені жеңімпаздар қазір интернет-технологиялар көмегімен анықталады. Дегенмен басты мақсат ішкі саясат басқармасының үздік өкілдерін таңдау және олардың еңбегін бағалау болып қала бермек.

Байқау барысында бөлімшелер өз үміткері жайлы және оның жетістіктері туралы бейнеролик ұсынды. Кәсіподақтың Instagram желісіндегі парақшасында оқырмандар ұнаған кандидаттарына дауыс берді.

«Ең үздік маман – 2021» конкурсына 16 факультеттен, Ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институтынан, Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттен, Жағдаяттық басқару орталығынан, «Қазақ университеті» баспа үйінен, Әл-Фараби кітапханасынан, Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттен, Ақпарат және коммуникациялар департаментінен, Өндірістік қамтамасыз ету департамен-

тінен және қауіпсіздік басқармасынан барлығы 27 қызметкер қатысты.

Қатысушылар «Парасат» кәсіподағына және ҚазҰУ әкімшілігіне керемет сайыс үшін шын жүректен алғыс айтты. Университеттегі еңбек өтілі 17 жылды құрайтын Шолпан Әбішева байқау бұдан да жақсы жұмыс істеуге, жаңа жетістіктерге ұмтылуға ынталандыратынын атап өтті. Журналистика факультетінің өкілі Алтынай Сембекова және Жағдаяттық басқару орталығының қаты-

ресе Әнел Оразбаеваның орындауындағы Л.Хамидидің «Бұлбұл» әні, «Фараби» ұлттық ансамблінің орындауындағы Дәулеткерейдің «Көрөғлы» күйі өте әсерлі болды. Ж.Сартбай жетекшілік ететін АРТ орталықтың шығармашылық жұмысы шараны көркейте түсті.

**О.ЛОЖНИКОВА,**  
Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ қызметкерлерінің  
«Парасат» кәсіподағы  
төрағасының орынбасары

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығының студенттер күніне арналған вебинарлар сериясының жеңімпазы атанды.

технологияларды алға жылжыту, экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен халықтың өмір сүру сапасын арттыру

## Студенттер білімі жоғары бағаланды

Орталық басшылығы осы орайда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Жансейіт Түймебаевтың атына Алғыс хат жолдап, вебинарларға қатысқан университет студенттерінің білімі мен дайындығын жоғары бағалады. «Сіздер ұсынған студенттер Дана және Диана Ахметжановалар жоғары белсенділік, шығармашылық бастама, үлкен ынта мен табандылық танытып, Kahhot өткізген жеті тестіден төрт мәрте

вебинар жеңімпазы атанғанын қуана хабарлаймыз, – делінді ХЖТИЖО басқарма төрайымы Жанар Игенованың хатында. – Бұл студенттеріңіздің терең іргелі білімге ие екенін, ал университеттің экология саласында кәсіби кадрларды даярлауға үлкен үлес қосып отырғанын дәлелдейді».

Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығының миссиясы – жасыл

және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін бизнесті қолдау.

Бұл халықаралық орталықпен ҚазҰУ экология және қоршаған ортаны қорғау саласында кәсіби кадрларды даярлау, сондай-ақ бірлескен білім беру жобаларын жүзеге асыру бойынша өзара тиімді ынтымақтастық орнатқан.

**Әйгерім**  
**ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**



**ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІ!**



**«QAZAQ UNIVERSITETI»**

**ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ**

**Газетке жазылу индексі: 64787**

- Бұдан былай газетіміз республика көлемінде таратылады. Енді газетке шыққан әрбір мақала, сұхбат, ғылыми жаңалықтар мен білім саласындағы тың ақпаратпен еліміздің түкпір-түкпіріндегі оқырмандар да таныса алады.
- Ендеше мүмкіндіктен құр қалмаңыз. Сіз де біздің газетке жазылып, өз мақалаңызды ұсына аласыз. Сонымен қатар газетке оқытушылар мен студенттер де материалдарын жариялай алады.

**«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:**

	Аудан/ауыл	Қала
<b>6 айға</b>	<b>1251,42 теңге</b>	<b>1363,14 теңге</b>
<b>12 айға</b>	<b>2502,84 теңге</b>	<b>2726,28 теңге</b>

**■ Біздің оқырман**



**Гүлжан ҚАРАҒҮСОВА,**  
мемлекет қайраткері,  
экономика ғылымының докторы, профессор

*Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков*



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Кәмила ДҮЙСЕН,  
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ  
**Фототілші:** Марат ЖҮНИСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

**Газетке жазылу индексі: 64787**  
Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.